

## «Біз әртүрліміз – бірақ біргеміз»

31 наурыз – 2 сәуір аралығында №72 мектеп-лицейінде 1–6 сыныптарда Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне арналған сынып сағаттары өткізілді. 2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні. Бұл күн 2008 жылғы 21 қаңтарда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен белгіленген. Оның мақсаты – аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) бар адамдарға қоғам назарын аудару және олардың инклюзивті қоғамда лайықты өмір сүру құқығын атап өту.

Негізгі міндет – аутизмі бар адамдардың білім алу, еңбек ету және қоғамдық өмірге қатысу салаларында тең мүмкіндіктерге ие болу құқықтарын қорғау.

Сынып сағаттары барысында оқушылар сыныпта ерекше білімді қажет ететін бала болған жағдайда туындайтын түрлі жағдайларды талқылады, ізгі тілектер жазылған суреттер салып, шағын көріністер дайындады.

Аталған сынып сағаттары оқушылардың дамуында ерекшеліктері бар адамдарға деген құрмет сезімін қалыптастыруға, төзімділікке және өзге адамға қолдау көрсете білуге тәрбиелеуге ықпал етті. Әр сыныпта әр баланың ерекше әрі қайталанбас тұлға екендігі атап өтіліп, оны сол қалпында түсініп, қабылдау қажеттігі айтылды. Сонда ғана әлем баршаға қауіпсіз әрі мейірімді бола алады.



